

**ABU ТЕҢДІГІ, АЛУАНДЫЛЫҒЫ, ИНКЛЮЗИВТІЛІГІ ЖӘНЕ
АКАДЕМИЯЛЫҚ ЕРКІНДІГІНІҢ НЕГІЗГІ ПРИНЦИПТЕРІН ІСКЕ АСЫРУ
ЕРЕЖЕЛЕРІ**

1. Мақсаты және қолдану саласы

Осы ережелер университеттің академиялық саясатына сәйкес әзірленген және білім алушылардың, ПОҚ мен қызметкерлердің кез келген түрдегі кемсітушілігін болдырмайтын академиялық еркіндіктің негізгі қағидаттарын айқындайды.

Академиялық еркіндіктің негізгі принциптерінің мақсаты - барлық білім алушылардың, профессорлық-оқытушылық құрамның, университет қызметкерлерінің академиялық еркіндік саясатын бұзған және кемсітушілік оқиғалары туралы хабардар еткені үшін қудалаудан еркін атмосферада оқуға және жұмыс істеуге тең мүмкіндіктер беру.

Ережеде келесі анықтамалар қолданылады:

- академиялық еркіндік - білім алушылардың, оқытушылардың шығармашылық дамуы үшін жағдай жасау және оқытудың инновациялық технологиялары мен әдістерін қолдану мақсатында таңдау компонентінің пәндері, оқытудың қосымша түрлері және білім беру қызметін ұйымдастыру бойынша білім беру мазмұнын дербес айқындау үшін оларға берілетін білім беру процесі субъектілерінің өкілеттіктерінің жиынтығы;

- кемсітушілік - адамға теріс біржақты қарау немесе қандай да бір белгінің болуына байланысты оны белгілі бір құқықтарынан айыру;

- білім беру саласындағы кемсітушілік - адамның толық білім алуға бейімділігі мен қабілетін ескере отырып, азаматтардың белгілі бір санатын ресми жарияланған теңдігін шектеу немесе теңдігінен айыру;

- қосымша білім беру бағдарламасы (Міпог) (минор) – қосымша құзыреттерді қалыптастыру мақсатында білім алушылар зерделеу үшін айқындаған пәндердің және (немесе) модульдердің және оқу жұмысының басқа түрлерінің жиынтығы;

академиялық ұтқырлық-білім алушыларды немесе оқытушы-зерттеушілерді белгілі бір академиялық кезеңге (семестрге немесе оқу жылына) оқыту немесе зерттеу жүргізу үшін өз ЖОО-да академиялық кредиттер түрінде меңгерілген оқу бағдарламаларын, пәндерді міндетті түрде қайта есептей отырып немесе басқа ЖОО-да оқуын жалғастыру үшін басқа ЖОО-ға (ел ішінде немесе шетелде) жіберу немесе алмастыру;

2. Негізгі ережелер

Академиялық еркіндіктің негізгі принциптерінің бірі:

- әркімнің қабілетіне байланысты толық теңдік негізінде барлығына жоғары білімнің қолжетімділігі;

- негізгі және қосымша білім беру бағдарламасы бойынша жеке білім беру траекториясын қалыптастыру құқығы;

- білім беру бағдарламаларын әзірлеуге қатысу құқығы;

- білім алушылардың, профессорлық-оқытушылық құрамның, қызметкерлердің университет басқармасына қатысу құқығы;

- оқытудың педагогикалық негізделген нысандарын, құралдары мен технологияларын таңдау және қолдану еркіндігі;

- студенттерге, профессорлық-оқытушылар құрамы мен университет

қызметкерлеріне ғылыми-зерттеу қызметін ұйымдастыру және жүргізу үшін тең жағдайлар;

- білім алушыларды, профессорлық-оқытушылық құрамды, университет қызметкерлерін төзімсіздік пен кемсітушіліктің кез келген түрінен қорғау.

3. Білім алушылар, профессорлық-оқытушылық құрам, университет қызметкерлері арасында тең мүмкіндіктер

3.1 Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламалары бойынша оқыту барлық түсушілерге бірдей дәрежеде қолжетімді және барлық үміткерлер үшін бірдей конкурстық шарттармен қамтамасыз етілген. Оқыту процесінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларға қатысты нәсілдік, ұлттық, этникалық, діни, жыныстық белгілері бойынша, сондай-ақ әлеуметтік жағдайы, отбасылық жағдайы, физикалық мүмкіндіктері, жасы немесе басқа да субъективті критерийлері негізінде кемсітуге немесе кез келген қудалауға жол берілмейді.

3.2 Білім беру және ғылыми компоненттерді іске асыру шеңберінде білім алушыларға кемсітпеу қағидатына негізделген тең оқу шарттары беріліп, сондай-ақ ғылыми зерттеу тақырыбын таңдау, ғылыми нәтижелерімен таныстыру, жариялау қызметінің еркіндігі және дипломдық жұмысты (жобаны), диссертацияны (жобаны) қорғау ұсынылады.

3.3 Университет студенттердің интеллектуалдық, рухани, адамгершілік және физикалық дамуын қамтамасыз ету үшін тең жағдай жасайды. Студенттік өзін-өзі басқару ұйымына нәсіліне, түсіне, жынысына, тіліне, дініне, саяси немесе басқа сенімдеріне, ұлттық немесе әлеуметтік тегіне, экономикалық жағдайына немесе тууына қарамастан барлық білім алушылар тартылады.

3.4 Академиялық ұтқырлық, ғылыми тағылымдама бағдарламаларын іске асыруға нәсіліне, түсіне, жынысына, тіліне, дініне, саяси немесе басқа сенімдеріне, ұлттық немесе әлеуметтік тегіне, экономикалық жағдайына немесе тууына қарамастан барлық білім алушылар тартылады.

3.5 Университетте барлық адамдарға нәсіліне, түсіне, жынысына, тіліне, дініне, ұлттық немесе әлеуметтік тегіне, экономикалық жағдайына немесе заңмен қорғалатын және іскерлік қасиеттерге қатысы жоқ басқа сипаттамаларына байланысты кемсітушіліксіз және кез келген қудалаусыз тең жұмысқа орналасу мүмкіндігі беріледі.

3.6 Профессор-оқытушылар құрамының бос жұмыс лауазымына орналасуға арналған конкурсқа қатысу үшін жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласындағы заңнама талаптарына сәйкес келетін үміткерлер жіберіледі. Профессор-оқытушылар құрамының бос жұмыс лауазымына орналасуға конкурс өткізу кезінде нәсіліне, түсіне, жынысына, тіліне, дініне, ұлттық немесе әлеуметтік тегіне, экономикалық жағдайына немесе заңмен қорғалатын және іскерлік қасиеттеріне қатысы жоқ басқа да сипаттамаларына негізделген кемсітушілікке және кез келген қудалауға жол берілмейді.

4. Білім алушылар, профессорлық-оқытушылық құрам, университет қызметкерлері арасында кез келген төзбеушілікті қудалау және алдын алу

4.1 Университет нәсіліне, түсіне, жынысына, тіліне, дініне, ұлттық немесе әлеуметтік шығу тегіне, экономикалық жағдайына немесе заңмен қорғалатын кез келген басқа белгілеріне байланысты қудалаудың кез келген түріне қатаң тыйым салады.

4.2 Қудалауға нәсіліне, түсіне, жынысына, тіліне, дініне, ұлттық немесе әлеуметтік тегіне, экономикалық жағдайына немесе заңмен қорғалған басқа сипаттамаларына байланысты адамға төзбеушілікті көрсететін жазбаша немесе ауызша түрде көрсетілген физикалық әрекеттер жатады.

4.3 Заңсыз мінез-құлық, оның ішінде қудалау немесе кемсіту кезінде білім

алушылармен әңгімелесулер, тренингтер өткізіледі немесе ҚР заңнамасында немесе университет ішіндегі нормативтік құжаттарда қарастырылған шаралар қолданылады.

4.4 Заңсыз мінез-құлық, оның ішінде қудалау немесе кемсіту үшін профессор-оқытушылар құрамына, қызметкерлерге тәртіптік жаза шаралары немесе ҚР заңнамасында немесе ЖОО ішіндегі нормативтік құжаттарда көзделген өзге де шаралар қолданылады.

5. Кемсітушілік жағдайлары туралы хабарлау немесе хабарлағаны үшін қудалаудан қорғау

5.1 Білім алушылардың, профессорлық-оқытушылық құрамның, қызметкерлердің заңсыз мінез-құлқына негізделген күдіктері бар адамдардың құрылымдық бөлімше басшысына жазбаша нысанда хабарлауға құқығы бар.

5.2 Білім алушылардың заңсыз мінез-құлқына қатысты жазбаша өтініш факультет деканы мен факультет деканының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарының қатысуымен факультеттің Студенттік Кеңесінің отырысында қаралады.

5.3 Профессор-оқытушылар құрамы мен қызметкерлердің заңсыз мінез-құлқына қатысты жазбаша өтініш Әдеп жөніндегі кеңестің немесе Тәртіптік кеңестің отырысында қаралады.

5.4 Қудалау мен кемсітушілік ҚР заңнамасында немесе университет ішіндегі нормативтік құжаттарда көзделген шараларды қабылдау үшін негіз бола алады.

5.5 Білім алушылардың, профессорлық-оқытушылық құрамның және қызметкерлердің заңсыз әрекеттері туралы хабарлаған адамдарды қудалау академиялық саясатты бұзу болып табылады. Осы фактілерді растау кезінде аталған адамдарға қатысты ҚР заңнамасында немесе университет ішіндегі нормативтік құжаттарда көзделген жауапкершілік шаралары қолданылады.